

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУЛЕР

Қауіпсіздік шаралары



Қауіпті!

Мұндай ескертуді елемей электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.

- Бұл құрылғы тек нан өнімдерінен тостер жасауға арналған. Кез келген басқа қолданыс дұрыс емес және қауіпті болып есептеледі. Өнім жасаушы дұрыс емес, сәйкес емес немесе жауапсыз пайдалану салдарынан болған зақым үшін және/немесе өнімге компанияның өкілі емес маманы жасайтын жөндеу жұмыстары үшін жауапты болмайды.
- Егер қуат кабелі зақымданса, барлық қауіп-қатерлерді жою үшін оны өнім жасаушысы, оның қызмет көрсету қызметкері немесе сол сияқты білікті мамандар ауыстыруы керек.
- Ашаны розеткаға енгізбес бұрын мынаны тексеріңіз: Розетканың кернеуі құрылғыға жапсырылған ақпарат жапсырмасында көрсетілген мәнге тең. Розетка жерге тұйықталған. Егер осы талап орындалмаса, өнім жасаушысы ешқандай жауапкершілікті мойнына алмайды.
- Адаптерлерді, көп ұяшықты розетка құралдарын және/немесе ұзартқыш кабельдерді пайдалану ұсынылмайды.
- Электр тогына түсіп қалуға жол бермес үшін, тостерді, оның сымын немесе ашасын ешқашан ылғалдамаңыз және тостерге қолыңызды немесе пышақ немесе фольга сияқты кез келген металл және істік заттарды салмаңыз.

- Құрылғыны ылғал немесе дымқыл қолдарыңызбен ұстамаңыз.
- Құрылғыны жалаң немесе ылғал аяқ-қолыңызбен пайдаланбаңыз.
- Тостер пайдаланылмаған кезде оны тазалау немесе тұрып қалған нанды алып тастау алдында әрқашан розеткадан ажыратып отырыңыз.



Маңызды!

Мұндай ескертуді елемей жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

- Бұл құрылғы тек үйде пайдалануға арналған және жасақталған. Ол мына жерлерде пайдалануға ыңғайлы: дүкендердегі, кеңселердегі және басқа да жұмыс орындарындағы, ф е р м а л а р д а ғ ы , қонақүйлердегі, мотельдердегі, мерекелік ғимараттардағы немесе қонақ күту үйлеріндегі қызметкерлер ас бөлмесі.
- Осы құрылғы оралған полиэтилен қалта балалардың қолдары жетпейтін жерде сақталуы керек, себебі ол тұншығу қаупін тудыруы мүмкін.
- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады.

Балалардың құрылғымен ойнамауы керек. Балалар сегіз жастан аспаған болса және үнемі бақылауда болмаса, тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балалар 8 жастан аспаса және бақылауда болмаса орындамаулары керек. Құрылғыны және оның сымын 8 жастан аспаған балалардан аулақ ұстаңыз.

- Құрылғыны розеткадан қуат кабелінен тартып ажыратпаңыз.
- Құрылғыны зиянды ортада қалдырмаңыз (жаңбыр, күн сәулесі, аяз, т.б.).
- Құрылғыны, ашаны немесе электр кабелін суға батырмаңыз.
- Бұл құрылғыны сыртқы таймермен немесе бөлек қашықтан басқару жүйесімен пайдаланылмауы керек.
- Кез келген құрылғымен болатындай, бұл нұсқаулардың мақсаты неғұрлым көбірек кездейсоқтықтарды қамту болса, құрылғыны пайдалану барысында (әсіресе балаларға жақын жерде) сақ және парасатты болу керек.
- Тазалау туралы толық мәліметтерді пайдаланушы нұсқаулығының "Тазалау" бөлімінен қараңыз.



Күйіп қалу қаупі бар!!

Мұндай ескертуді елемеу күйіп қалуға әкеп соқтырады.

- Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде, сыртқы бет температурасы өте жоғары болуы мүмкін. Қажет

болса әрқашан тұтқаны немесе ас пісіру қолғабын пайдаланыңыз.

- Нан – өртенуі мүмкін тағам. Бұл құрылғыны перденің немесе басқа да тұтынғыш материалдың астында немесе қасында пайдаланбаңыз.
- Құрылғы пайдаланылып жатқан кезде, оны бүркемеңіз, әйтпесе ол шамадан тыс қызып, өртенуі мүмкін.
- Біз тостеріңізді қабырға шкафының дәл астында пайдаланбауды ұсынамыз.
- Күйген тағам өртенуі мүмкін, сондықтан тостеріңізді ешқашан қараусыз қалдырмаңыз және оңай күйі мүмкін жұқа нан үшін қоңырлықты басқару элементін жұқа немесе құрғақ нан режиміне орнатыңыз.
- Ешқашан жағындысы не салмасы бар тағамды жылытпаңыз (мысалы, пицца): егер ол тостер ішіне тамса, өртенуі мүмкін.
- Қиқым науасын тұрақты түрде тазалаңыз: қиқымдар түтіндеуі немесе күйі мүмкін.



Ескеріңіз:

Бұл таңба пайдаланушыға арналған ұсыныстарды және маңызды ақпаратты білдіреді.

- Құрылғыны орамынан алған соң, құрылғының толық және өте жақсы күйде екеніне көз жеткізіңіз. Тостерден барлық жапсырмалардың және орамдардың алынғанын тексеріңіз.
- Құрылғыны тасымалдау барысында оған жиналуы мүмкін шаңды тазалау үшін ғана жұмсақ және құрғақ шүберекпен ғана сүртіңіз.
- Сымның үстел немесе шкаф жиегінен салбырауына жол бермеңіз немесе ыстық жерлерін ұстамаңыз (мысалы, жоғарғы H плитасы).



Бұл құрылғы тағам тиетін материалдар мен керек-жарақтарға қатысты ЕО-тың

СИПАТТАМА

- A Қытырлақ нан жасау ұяшықтары
- B ON (ҚОСУ) тетігі
- C Қызартуды басқаратын сырғыма
- D Қиқым жинау науасы
- E Еріту/индикатор шамы түймесі
- F Қайта қыздыру/индикатор шамы түймесі
- G Тоқтату/бас тарту түймесі
- H Жоғарғы плита
- I* Алынбалы "Жылыту текшесі" (тек кейбір үлгілерде)
- J* Шаң қақпағы (тек кейбір үлгілерде)

ПАЙДАЛАНУ

- Розеткаға қосыңыз.
- Алғаш рет пайдаланбас бұрын тостерді бос күйінде ең жоғарғы параметрде 3 рет қыздырыңыз. Бұл өнімді жасау барысынан қалуы мүмкін иістерді кетіреді. Әрбір циклден кейін бөлмені желдетіңіз.
- Нан тіліктерін қытырлақ нан жасау ұяшықтарына салыңыз (A), сырғытпаны (C) жылжыту арқылы қалаған қызарту деңгейін таңдаңыз, сосын тетікті (B) барған жеріне дейін түсіріңіз. Нанды жоғарғы плитаға (H) тікелей қоймаңыз немесе пісірмеңіз, ол пісіруге арналмаған.

i **Ескеріңіз:** егер құрылғы розеткаға қосылмаған болса, тетік (B) төменгі деңгейге қалмайды.

- Қызарту аяқталған кезде, тетік нан кеспелерімен бірге автоматты түрде көтеріледі. **Егер тетік байқаусызда құлыпталып немесе кептеліп қалса, тостер автоматты түрде өшпеуі мүмкін.**
- Егер нан жеткілікті деңгейде қытырлақ болмай қалса, сырғытпаны жылжыту арқылы одан жоғары қызарту деңгейін таңдаңыз (C). Сонымен қатар, қытырлақ нан тым қарайып кетсе, ақшылдау қытырлақ нан деңгейін таңдаңыз.
- Қызартуды (G) тоқтату/болдырмау түймесін басу арқылы кез келген уақытта тоқтата салуға болады.

- Тостерді бос күйінде (нан тіліктерінсіз) пайдаланбаңыз.
- Өте жұқа немесе сынған нан тіліктерін пайдаланбаңыз.
- Өте үлкен тағам тіліктерін салу үшін ешқашан күш пайдаланбаңыз.

«Жібіту» функциясы

"Еріту" (E) түймесін басу арқылы қатқан тіліктерді тетікті (B) дереу түсірген соң қызартуға болады. Қалаған қытырлақтық деңгейіне қол жеткізу үшін тостерлеу циклін ұзартуға болады.

Жібіту функциясы пайдаланылып жатқан кезде шам жанып тұрады.

"Reheat" (Қайталау) функциясы

ON (Қосу) тетігін (B) түсіріп, "reheat" (алдын ала қыздыру) түймесін (F) басыңыз.

Алдын ала қыздыру функциясы пайдаланылып жатқан кезде алдын ала қыздыру шамы жанып тұрады. Алдын ала қыздыру уақыты тұрақты және оны тостерлеу деңгейін реттеу тетігімен реттеу мүмкін емес.

Тоқтату/болдырмау түймесін пайдалану

Қызартуды тоқтату үшін, тоқтату/болдырмау түймесін (G) кез келген уақытта басыңыз.



Маңызды! ON (Қосу) тетігіне (B) ешқашан күш түрмеңіз. Әрқашан тоқтату/болдырмау түймесін (G) пайдаланыңыз.

Қиқым науасы

Қиқым науасы (D) тұрақты түрде босатылып тұруы керек, себебі жиналған қиқымдар өрт қаупін тудыруы мүмкін. Қызартып болған соң, тостерді суытып қойып, қиқым науасын (D) шығарыңыз және босатыңыз.

"WARMING RACK" (Жылыту текшесі) құрылғысы (I) (тек кейбір үлгілерде)

Бұл құрылғыны круассандарды қыздыру үшін пайдаланыңыз.

- Құрылғыға алынбалы «жылыту текшесін» 3-беттегі суретте көрсетілгендей етіп бекітіңіз.
- Круассанды торға қойыңыз.

- Қызартуды басқаратын сырғыманы (С) ортаңғы позицияға қарай жылжытыңыз.
- Басқару тетігін (В) орнына "сырт" етіп түскенше басыңыз.
- Егер круассан дұрыс жылымаса, келесіде қызартудың деңгейін күшейтіңіз.

Шаң қақпағы (J) (тек кейбір үлгілерде)

Бұл қосымша құралды жұмыссыз күйде тұру кезінде тостерге шаң кірудің алдын алу үшін ғана пайдаланыңыз. Тостерді іске қоспас бұрын, қосымша құралды алыңыз. Тостер жұмыс істеп тұрған кезде саңылауларды қосымша құралмен ЖАППАҢЫЗ! Күйіп қалу қаупінің алдын алу үшін қосымша құралды әрқашан пластмасса тұтқасынан ұстаңыз.

ТАЗАЛАУ - КҮТІМ КӨРСЕТУ

- Тостерді тазалау немесе оған күтім көрсету алдында, оны әрқашан розеткадан ажыратыңыз.
- Құрылғыны тазаламас бұрын оның салқындағанын күтіңіз.
- Тостердің сырты тек суға дымқылданған шүберекпен сүртілуі керек. Қырғыш немесе тұтанғыш сұйықтықтарды ешқашан пайдаланбаңыз, себебі олар құрылғының бетін зақымдауы мүмкін.
- **ҚҰРЫЛҒЫНЫ ЕШҚАШАН СУҒА БАТЫРМАҢЫЗ.**
- Тостерді пайдаланып болған соң, оны әрқашан розеткадан суырыңыз және құрылғының төменгі жағындағы қиқым науасын босатыңыз.
- Егер тостерде тіліктер тұрып қалса, оны розеткадан суырыңыз да, төңкеріңіз және жайлап сілкіңіз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Қуат көзінің кернеуі Мәліметтер
тақтасын көріңіз
Тұтынылатын қуат "

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Бұйым түрі: өнімдегі таңбалауға қараңыз
Үлгі: "
Кернеу: "
Жиілік: "

Қуаты: "

Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.
via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy
Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.
Виa Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

Көдендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауапкершілікті және импортер:

"Делонги" ЖШҚ
127055 Ресей, Мәскеу қ,
Суцёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат
Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Сақтау шарттары:

Ылғалдылық ауқымы < 80% және температура ауқымы + 5°C және + 45°C аралығындағы бөлмелер.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

EAC